

Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 607 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 2 ақпандағы № 15 шешімі

Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 2 қосымша) 17-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 19-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссияның Алқасы шешті:

1. Қосымшага сәйкес Кеден одағы Комиссиясының "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына үшінші елдерден әкелінетін бақылаудағы тауарларға арналған бірыңғай ветеринариялық сертификаттардың нысандары туралы" 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 607 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 607 шешіміне сәйкес дайындалған, осы Шешім күшіне енгенге дейін шығарылған ветеринариялық сертификаттардың бланкілері 2016 жылғы 1 маусымға дейін пайдаланылады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрагасы

T. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 2 ақпандағы
№ 15 шешіміне
ҚОСЫМША

Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 607 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Мынадай мазмұндағы 44-тармақпен толықтырылсын:
"44. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына экспортталатын шошқа әмбриондарына ветеринариялық сертификат (№ 44 нысан) (қоса беріліп отыр).".
2. Көрсетілген Шешіммен бекітілген Бірыңғай сертификаттардың нысандарында:

а) 35-нысанның 4.4-тармағындағы "Жануардан алынған шикізат" деген сөздер "Жем-шөп және жем-шөп қоспаларын өндіру процесінде пайдаланылатын шикізат" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) 36-нысанның 4.5-тармағында "Шикізат" деген сөз "Жем-шөп және жем-шөп қоспаларын өндіру процесінде пайдаланылатын шикізат" деген сөздермен ауыстырылсын;

в) мынадай мазмұндағы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына экспортталатын шошқа эмбриондарына ветеринариялық сертификатпен (№ 44 нысан) толықтырылсын:

"№ 44 нысан

1. Жеткізу сипаттамасы		1.7. Сертификат № _____			
1.1. Жүк жөнелтушінің атауы және мекенжайы:		Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына экспортталатын шошқа эмбриондарына ветеринариялық сертификат			
1.2. Жүк алушының атауы және мекенжайы:		1.8. Тауар шығарылған ел:			
1.3. Эмбриондар саны:		1.9. Экспорттаушы елдің құзыретті ведомствосы:			
1.4. Орындар (контейнерлер) саны:					
1.5. Көлік контейнеріндегі идентификациялық таңбалау:					
1.11. Транзит елі (елдері):		1.10. Сертификат берген экспорттаушы елдің мекемесі:			
1.12. Кедендік шекара арқылы тауарларды өткізу пункті:		1.6. Көлік: (вагон, автомашина, контейнер, ұшак рейсінің №, кеменің атауы)			
2. Эмбриондардың донорлары – аналық шошқалар туралы ақпарат					
P/c №	Аты немесе идентификациялық нөмірі	Тұған күні	Тұқымы	Эмбрион алынған күн	Эмбриондар саны
1.					
2.					
3.					
4.					
5.					
5-еуден көп жануардың эмбриондарын тасымалдау кезінде тізімдеме жасалады, оған экспорттаушы елдің мемлекеттік/ресми ветеринариялық дәрігері қол қояды және ол осы сертификаттың ажырамасы бөлігі болып табылады.					

3. Саулығының жай-күйі туралы акпарат

Мен, төменде қол қойған мемлекеттік/ресми ветеринариялық дәрігер мынаны күзгандырамын:

3.1. Еуразиялық экономикалық одактың кедендік аумағына экспортталатын шошқа эмбриондары асыл тұқымды сау жануарлардан алынған. Аталақ шошқалар соңғы 40 күн бойы сперма іріктеу орталықтарында және (немесе) жасанды ұрықтандыру орталықтарында, ал эмбриондардардың донолары – аналық шошқалар жануарлардың жүқпалы ауруларынан таза жасанды ұрықтандыру шаруашылықтарында және (немесе) орталықтарында ұсталды, туганынан бастап немесе сперма немесе эмбрион алынғанға дейін кемінде 6 ай экспорттаушы елде болды және соңғы 12 ай ішінде елге әкелінген жануарлармен байланысты болған жок.

3.2. Еуразиялық экономикалық одактың кедендік аумағына экспортталатын шошқа эмбриондары регионализацияға сәйкес жануарлардың мынадай жүқпалы ауруларынан таза елдерден немесе әкімшілік аумактардан шығады:

шошқаның африкалық обасы – соңғы 36 ай бойы;
аусыл, шошқаның классикалық обасы – соңғы 12 ай бойы;
шошқаның везикулярлық ауруы – соңғы 24 ай бойы.

3.3. Эмбриондардың донорлары – аналық шошқаларды ұрықтандыруға арналған сперма Кеден одағы комиссиясының "Кеден одағында ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларға қойылатын бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың 8-тарауының талаптарына сай келеді.

3.4. Еуразиялық экономикалық одактың кедендік аумағына экспортталатын шошқаның эмбриондары жануарлардың мынадай жүқпалы ауруларынан таза шошқаның эмбриондарын алу жөніндегі шаруашылықтардан және (немесе) жасанды ұрықтандыру орталықтарынан шығады:

туберкулез, бруцеллез, шошқаның репродуктивтік-респираторлық синдромы, шошқаның тексовирусты энцефаломиелиті (Тешен ауруы немесе шошқаның энтеровирусты энцефаломиелиті) – соңғы 6 ай ішінде;

Ауески ауруы (жалған құтыру) – соңғы 12 ай ішінде;
лептоспироз – соңғы 3 ай ішінде;
куйдіргі – соңғы 20 күн ішінде.

3.5. Эмбриондардың донорлары – аналық шошқалар 12 ай ішінде 1 реттен сиретпей зертханаларда (белгіленген тәртіппен аккредиттелген немесе сертификатталған) ХЭБ ұсынған әдістермен (болған кезде) мынадай ауруларға кері нәтижесі бар тестілеуден өткен (тестілеу әдісі мен күнін көрсету керек):

шошқаның классикалық обасы;
Ауески ауруы;
шошқаның репродуктивтік-респираторлық синдромы;
вирустық трансмиссиялық гастроэнтерит;
шошқаның везикулярлық ауруы;
туберкулез;

бруцеллез;
лептоспироз;
хламидиоз.

3.6. Эмбриондардың донорлары – аналық шошқалардан эмбриондар алынғаннан кейін олар кемінде 30 күн ветеринариялық дәрігердің қадағалауында болды.

3.7. Шошқа эмбриондары ХЭБ кодексінің ұсынымдарына сәйкес іріктеліп, сақталды және тасымалданады.

3.8. Көлік құралы экспорттаушы елде қабылданған қағидаларға сәйкес іріктеліп, дайындалды.

Орын _____ Күні _____ Мөр

Мемлекеттік/ресми ветеринариялық дәрігердің колы _____

Т. А. Ә. және лауазымы _____

Ескертпелер:

1. Колы мен мөр бланкінің түсінен ерекшеленуге тиіс.
2. Ветеринариялық сертификат орыс тілінде, сондай-ақ экспорттаушы елдің тілінде және (немесе) ағылшын тілінде ресімделеді".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК